

Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 Қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 20.01.2020 № 6 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны;

2) 2-қосымшаға сәйкес кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиті бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 420; 01.08.2019 № 565 қаулысымен.

2. Әкімдерге штаттық кестелерді бекіткен кезде осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары санының нормативін пайдалану ұсынылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.03.20 N 276 Қаулысымен.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жергілікті бюджеттерде бар қаражат шегінде, жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде әкімдер аппараттары мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының штаттық кестелерін бекітсін;

2) осы қаулыға 2-қосымшада белгіленген штат санының лимиттерін сақтай отырып, жергілікті бюджеттерде бар қаражат шегінде, жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде айқындалған әкімдер аппараттары мен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының және қалалардағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер,

ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттерін бекітсін және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жеткізсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 565 қаулысымен.

4. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және қалада аудандары бар облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері қаладағы аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті санын белгілесін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 565 қаулысымен.

5. Аудан әкімдері аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері орынбасарларының шекті санын белгілесін.

6. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 06.08.2024 № 628 қбп қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1324 қаулысына
1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1324 қаулысына
2-қосымша

Кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 N 411 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз).

Әкімшілік-аумақтық бірлік халқының саны (мың адам)	Әкімдер аппараттарының штат саны (бірлік)	Оның ішінде әкімдердің орынбасарлары (бірлік)
Кент, ауыл, ауылдық округ		
1,5-ға дейін	3-5	
1,5-нан 3-ке дейін	5-7	

3-тен 5-ке дейін	7-8	
5-тен 10-ға дейін	8-10	1
10-нан 20-ға дейін	10-15	1
20-дан 40-қа дейін	15-18	2
40-тан астам	18-20	2

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 15 желтоқсандағы
 N 1324 қаулысына
 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.03.20 N 276 Қаулысымен.

**Жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері
 басшыларының орынбасарлары санының нормативі**

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары орынбасарларының лауазымдары енгізіледі:

бөлім бастығының орынбасары бөлімде (бастықты қоса алғанда) кемінде 7 бірлік

болғанда;

Басқарма бастығының орынбасары басқармада (бастықты қоса алғанда) кемінде 15 бірлік

болғанда. Басқарма бастығы орынбасарының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 15 желтоқсандағы
 N 1324 қаулысына
 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана), аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдерінің аппараттары штат санының лимиттері және облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі орынбасарларының шекті саны туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 наурыздағы N 275 қаулысы.

3. "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 қаулысының 2-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 және 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 115 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 246 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 747 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 тамыздағы N 784 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 шілдедегі N 985 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 1292 қаулысы.